

Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қорғау аймағы туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2012 жылғы 20 сәуірдегі N 112/4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 24 мамырда N 3207 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 16, 123-баптарына, Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 11)-тармақшасына, 18, 48-баптарына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 9)-тармақшасына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1 . М ы н а л а р :

ауылдық округтердің аумақтарында жер пайдаланушылары мен жер телімдерінің меншік иелерінен қайтарып алусыз, Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің сыртқы шекарасы бойында ені екі шақырым, жалпы ауданы 67420 га болатын қорғау аймағы ;

Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің шекара конфигурациясына сәйкес келетін көрсетілген қорғау аймағының шекарасы;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 364 бұйрығымен бекітілген инфрақұрылымды дамытудың бас жоспарын әзірлеу бөлігіндегі Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің техникалық-экономикалық негіздемесін түзету жобасына және Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңының 48-бабымен белгіленген талаптарға сәйкес көрсетілген қорғау аймағының аумағында табиғат пайдалану режимі мен тәртібі бекітілсін .

2. "Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" мемлекеттік мекемесінің директорына (келісім бойынша) қорғау аймағының шекарасын арнайы таңбалармен белгілеу ұсынылсын .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н. Қ. Әшімбетовке жүктелсін .

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Е. Арын

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК